N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES
ISSN 2224-526X
Volume 6, Number 42 (2017), 215 – 219

B. B. Toyzhigitova, S. Yskak, A. S. Dinasilov

«Kazakh National Agrarian University», Kazakhstan,
«Kazakh Research Institute of Protection and Quarantine of Plants named after Jazctena Jeenbaeva», Kazakhstan.
E-mail: bayan.toyzhigitova.69@mail.r, sapar1u234@mail.ru; alhimzr@mail.ru

MELON OF A FLY OF BIOLOGICAL FEATURES OF BIOLOGY AND BIOLOGY

Abstract. Researches by definition of features of biological development of a melon fly in the conditions of an irrigated zone of the South of Kazakhstan are carried out. It is established, that in days of an early start of flies, in vegetation, the wrecker gives 3 full generations. The wrecker in June gives one generation for 35–36 days, in July of 31–32 days, and in August of 29–30 days.

Keywords: biology, egg, larva,puparium, adults, harmfulness,guarantine pest.

УДК 632.913.1

Б. Б. Тойжігітова, С. Ысқақ, А. С. Динасилов

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан,
Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

ҚАУЫН ШЫБЫНЫНЫҢ БИОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Қазақстанның оңтүстігі өңірірінде қауын шыбынының биологиясын, оның даму ерекшеліктерінанықтау бойыншазерттеулер жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде, ерте ұшып шыққан жылдары зиянкес толық 3 ұрпақ беріп дамиды. Бірінші ұрпағы маусым айында 35–36 тәулікте, екіншісі – шілдеде 31–32, үшіншісі – тамыз айында 29–30 тәуліктедамып жетіледі.

Түйін сөздер: биология, биологиялық ерекшеліктері, жұмыртқа, дернәсіл, қуыршақ, ересек шыбын, зияндылық, карантиндік зиянкес.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында бақша дақылдарының егістік көлемінінің жыл сайын арту үрдісі байқалуда. Соңғы жылдары екі есеге дейін өсіп, олардың көлемі 90 мың гектарға жуықтап қалды. Өсімдік шаруашылығын әртараптандыруға байланысты Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша бақша дақылдарының егістік көлемі, тек Мақтарал ауданының өзінде 2014 жылы 22,4 мың гектарға егу жоспарланған болса,ал 2016 жылға қарай егіс көлемі 27,78 мың гектарға ұлғайту көзделген. Қауынның егістік алқаптары негізінен мемлекетіміздің оңтүстік өңірлерінде, атап айтсақ Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары аумағында орналасқан. Бұл аймақтардың топырағы, ауа-райының климаттық жағдайы қауын-қарбыз өсіруге өте қолайлы. Емдік қасиеттері арқасында қауын халық медицинасында, адам ағзасына пайдалы қуат беруші азық, қалыпқа келтіруші, дәрумендерге бай бақша дақылы. Сондықтан қауынды көп жағдайда, жаңа піскен, қақталған, тосап, қайнатпа, т.б. күйінде көп пайдаланады.

Қауын-қарбыз егістігі ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінен республикамыздағы ең ірі өңірлер, Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстары болып табылады. Ал енді осы өңірлерде бақша шаруашылығының, оның ішінде қауын егісінің жоғары деңгейде дамуына, жеміс

өнімінің артуына және өнім сапасының жоғары болуына зиян келтіріп отырған,елімізде бұрын соңды кездеспеген аса қауіпті зиянкес «қауын шыбыны» пайда болды. Бұл зиянкес популяциясының ареалы жыл сайын ұлғайып келеді. Зиянкес биологиясын зерттейтін ғылыми – зерттеулердің жоқтығынан, оған қарсы күрес шараларының нәтижесі мардымсыз болуына байланысты зиянкестің саны жыл сайын көбейіп жатыр. Бүгінгі таңда жоғарыда аталған облыстарда зиянкес популяциясы толық таралып, аз уақыт ішінде қауын дақылы өсірілетін негізгі аймақтарды қамтып отыр. Енді бұл зиянкестің еліміздің оңтүстік – шығыс өңірлеріне (Алматы облысы) таралу қаупі бар. Қауын шыбыны өзінің айрықша ерекшеліктері бар зиянкес болып табылады. Зияндылығы, таралуы, даму биологиясы бойынша ол басқа бақша зиянкестерінен ерекшеленіп тұрады [1].

Қауын шыбыны омыртқасыздар жүйесіндегі қосқанаттылар отрядының(*Diptera*) алақанаттылар (*Trepetidae*) тұқымдасына кіреді. Ғылыми мәліметтерге сүйенсек, жер бетінде өсімдіктердің жемістеріне зиян келтіретін шыбындардың 5000-нан астам түрлері бар екен.Олардың ішінде бақша дақылдарының жемістерін ішінен зақымдайтын екі түрі өте қауіпті болып табылады.Жерорта теңізі (шығыс) шыбыны (*Bactrocera cucubitae* Cog). Ол климаты ыстық, күз және қыс мерзімдері де жылы болатын өңірлерде басым таралған. Екінші түрі Орта азиялық қауын шыбыны (*Myiopardalis pardalina* Big). Морфологиялық, биоэкологиялық ерекшеліктері бойынша бірінші түрінен ерекшеліктері бар. Сондай-ақ төменде көрсетілген осы екі түрдің морфологиялық ұқсастықтары бар (1-сурет). Негізінен өзге өсімдіктермен қоректенбей, тек бақша дақылдарының жемістерінде ғана дамиды,ал бакша дақылдары болмаған жағдайда, ересектері ұзақ қашықтықтарға ұшу арқылы қоныс аударады (миграция) [2].

Bactrocera cucubita Cog.

Myiopardalis pardalina Big.

1-сурет – Бақша дақылдарының жемістеріне зиян келтіруші – Жерорта теңізі (шығыс) (*Bactrocera cucubitae* Cog.) және Орта азиялыққауыншыбыны (*Myiopardalis pardalina* Big).

Қауын шыбыны (*Myiopardalis pardalina* Big.) біздің еліміз үшін карантиндік нысан. Республикамызға бұл зиянкес көршілес Өзбек Республикасынан (Қарақалпақстан) келген.

Арқасында жылтыр қара дақтары бар, қуаң-сары немесе сары түсті ұсақ шыбындар. Басы көкірегінен үлкен, пішіні жұмыр кескінді, осы кескіннің алдыңғы және жоғарғы жағы нашар жұмырланған және түзу сызыққа жақын, артқы жағында тікішек қуысы бар. Көздері әлсіз металл түстес қара (тірі жәндіктерде жақұтты-жасыл), еркегі мен ұрғашысының екеуінде де бірдей орналасқан. Соңғы мүшесі – (үшінші) мұрты өзінің пішіні бойынша етті талшықты еске түсіреді – оның ішкі жағы толық жұмыр, сыртқы жағы жұқа, өткір, астыңғы сыртқы бұрышы жұмырланған, жоғарғы сыртқы бұрышы өткір тістәріздес. Қылтаны ұзын, ашық негізді қара, басындағы қылтан саны және орналасуы түрге сәйкес келеді: оцеллялдықылтанының ұзындығы басқаларындағыдай. Көкірек тұсы ұсақ алтын түстес өңезбен жабылған. Беткі бөлігі екі ашық жолақты, сыртқы бөлігі бір ұсақ ашық жолақты. Кеуде бөлігі құрсақ бөлігіне өткен жеріндегі денесінің жоғарғы бөлігінде қабыланды еске түсіретін қызыл-қара-ақ суретті анық байқауға болады. Шыбындар өздерінің түсін басқа бунақденелілерді үркіту үшін де пайдаланады. Торлы екі қанаты кеудесімен салыстырғанда ірі болып көрінеді. Қанаттарының ерекше белгісі бойлай 3 қатар сары-қоңыр жолағы бар, ішкі екеуі және түзу сыртқысы V-тәріздес сурет қалыптастырады. Олардың қанаттарының шеттері қарақоңыр түсті. Құрсақ бөлігі көкірек бөлігінен үлкен, көгілдір-сары түсті. Аналықтарының құрсағының төменгі бөлігінде, жұмыртқа салуға және тесік жасауға арналған ине тәріздес өскін айқын көрініп тұр. Басқа түрлерден, көкірек және асқазан бөлігінде ұсақ қара дақтардың болуымен